

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 қыркүйек N 1145

Қазақстан Республикасының Үкіметі Төралқасы мәжілісінің 1996 жылғы 8 тамыздағы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-құжат) мынадай өзгерту енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесінен мыналар алынып тасталсын:

"Фосфохим" АҚ, Ақтөбе облысы;

"Петропавл шағын литражды двигательдер зауыты" АҚ, Солтүстік Қазақстан облысы.

2-тармақ. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.10.30.

N 1309 қаулысымен. P961309_

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкімен бірлесіп мынадай акционерлік қоғамдарды жекешелендіру жөніндегі жұмысты жеделдетсін:

"Актюбрентген" АҚ, Ақтөбе облысы

"Химпром" АҚ, Павлодар облысы

"Аспап жасау зауыты" АҚ, Көкшетау облысы

"Петропавл электроқшауландыру материалдары зауыты" АҚ, Солтүстік Қазақстан облысы.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК